«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№3 Хромтау орта мектебі» КММ

Педагогтерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату комиссиясы отырысының №6 хаттамасы

27 қараша 2024 жыл
№3 Хромтау орта мектебі
Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Хатшы: Бітімбай А.С
Қатысқандар саны: 5

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Педагог-ұйымдастырушы (уақытша бос орын) лауазымына тағайындау конкурсына түскен кандидаттардың құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Казиева Н.С - комиссия төрағасы, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына *(өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж.22.12. № 513)* 3-тарау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі»-нің 1-параграфы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу тәртібі» негізінде 2024 жылдың 15-26 қараша аралығында педагог-ұйымдастырушы (уақытша бос орын) лауазымына конкурс жарияланып, 2 (екі) мұғалімнен конкурсқа қатысуға өтініш түсіп, құжаттары қабылданды.

Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия қабылданған кандидаттар құжаттарының "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100)бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарады.

Кандидат құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, аталған қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағына ұпайлар қойылып, есептеу жүргізіледі.Комиссияның шешімі осы бағалау парағында жинаған балл негізінде шығарылды.

Имекешева К.М - комиссия мүшесі, кәсіподақ ұйымының мүшесі:

Комиссия "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100) бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарының 3 тарауының 14 параграфы бойынша сәйкестігін тексеріп, кандидаттардың бағалау парағы қаралды.

Педагогтердің құжаттарын тексере келе төмендегі бағалау парағына қойған ұпай сандары бойынша құжаттар қайта тексеріліп комиссия мүшелері қорытынды ұпайлар қойылды. Құжаттар жан-жақты тексерілді.

Мусина Г.А комиссия мүшесі, химия пәні мұғалімі:

Педагог-ұйымдастырушы лауазымы бос орнына:

1)Борібекова Қарлыға Жолдасқызы-2008 жылы Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетін «Тарих және география» мамандығы бойынша аяқтаған. 2012-2020 жылдар аралығында «Күншуақ» балабақшасында іс қағаз жүргізуші, тәрбиеші болып жұмыс жасаған. Өзін бағалау парағы бойынша қойған ұпай саны- 2,5. Комиссия мүшелерінің тексеруімен қойылған үміткердің жалпы ұпайы - 2 балл.

2)Панкирей Назгүл Қайратқызы -2023 жылы қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесімен аяқтаған. Еңбек өтілі 1 жыл. 2023-2024 жылда №6 Хромтау гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып жұмыс жасаған. Өзін бағалау парағы бойынша қойған ұпай саны- 9,5.

Комиссия мүшелерінің тексеруімен қойылған үміткердің жалпы ұпайы -9 балл.

Өтініш білдірген педагогтың құжаттарын комиссия мүшелері қарай келе, жеке дауысқа сала отырып, комиссия шешім етті:

ШЕШІМ:

Конкурсқа қатысқан төмендегі педагог конкурстан «өтті» деп есептелсін және уақытша бос орынға тағайындауға ұсынылсын.

Панкирей Назгүл Қайратқызы -педагог-ұйымдастырушы

Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Комиссия мүшелері: Маннап Б.С
Мусина Г.А
Коптенова Н.М
Имекешева К.М
Хатшы: Бітімбай А.С